



010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Есіл ауданы, Сауран көшесі, 12,
тел.: 8(717) 2 580-839, 2591-600
8(727) 2 587-219, 2 587-215
e-mail: telecom@telecom.kz, www.telecom.kz

010000, Республика Казахстан, г. Астана
район Есиль, ул. Сауран, 12
тел.: 8(717) 2 580-839, 2 591-600
8(727) 2 587-219, 2 587-215
e-mail: telecom@telecom.kz, www.telecom.kz

№ _____

**«Қазақтелеком» АҚ акционерлік қоғамы
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы
ХАБАРЛАМА**

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамының басқармасы (010000, Астана қ., Сауран к-сі, 12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 41-бабына сәйкес өз акционерлеріне 2026 жылғы 30 сәуірде жергілікті сағат 14.00-де Астана қ., көш. Сауран, 12, «Қазақтелеком» АҚ мәжіліс залында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша шақырылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетінін хабарлайды.

Ұсынылатын күн тәртібі:

1. «Қазақтелеком» АҚ 2025 жылға аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

2. «Қазақтелеком» АҚ 2025 жылғы таза пайдасын бөлу мәселелері туралы.

3. «Қазақтелеком» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты акционерлердің өтініштері туралы.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі 2026 жылдың 26 наурызындағы жағдай бойынша жасалады.

Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды акционерлер танысу үшін жиналыс өтетін күннен он күн бұрын мына мекенжайлардан ала алады: Астана қ., Сауран к., 12, телефондары: 8 (717) 2587713, +77008888887; Алматы қ., Н. Назарбаев даңғылы 240 «Б», телефондары: 8 (727) 2587467, +77017608073.

Кворум болмаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 2026 жылы 29 мамырда сағат 14.00-де қайталап өткізіледі.

Күн тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін.

Акционерлерді тіркеу 2026 жылы 30 сәуірде сағат 12.30-дан 13.30-ға дейін (ауыстырылған жағдайда 2026 жылы 29 мамырда сағат 12.30-дан 13.30-ға дейін) жүргізіледі.

Өзімен бірге жеке куәлігі, дауыс беру құқығымен жиналысқа қатысуға сенімхаты (сенімді тұлғаларға) болуы тиіс.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қатысу тәртібінде акционерлердің немесе олардың өкілдерінің, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерінің қатысуымен «Қазақтелеком» АҚ офисінде өтеді. Күн тәртібі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционерлер шешім қабылдағаннан кейін жиналыстың қорытындысы шығарылып, кейіннен белгіленген тәртіппен жарияланады.

Басқарма төрағасы

Құбайжанова
8 7019775775

Б. Мусин



Мусин Б.Б.

Председатель Правления

СРОК ДЕЙСТВИЯ СЕРТИФИКАТА: 12.06.2025 16:48:18 - 12.06.2026 16:48:18

ДАТА: 10.02.2026 16:22:19

РЕЗОЛЮЦИЯ: Согласен